

Цифрлық дәуірдегі кітап оқу мәдениетінің трансформациясы: booktok феноменінің жастардың оқу әдеттеріне әсері

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.04.2026

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/188427/>

Тілектесова Гүлсезім Қуанышқызы

Таңатарова Гулдана

Тиллабек Сара Абдыбекқызы

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті,
“Шетел тілінен даярлаудың теориясы мен әдістемесі” кафедрасы, Зкурс

Ғылыми жетекші: **Сагадиева К.К.**

Қарағанды, Қазақстан.

Бұл зерттеу жұмысында ақпараттық технологиялар дәуіріндегі кітап оқу дағдыларының трансформациясы және әлеуметтік желілердің, атап айтқанда «BookTok» феноменының жас буынның оқу мәдениетіне тигізетін ықпалы жан-жақты талданады. Қазіргі қоғамда ақпаратты игеру тәсілдері түбегейлі өзгеріске ұшырап, дәстүрлі оқу процесі жаңа медиа форматтарымен интеграциялануда. TikTok желісінде қалыптасқан BookTok қауымдастығы әдебиетті насихаттаудың инновациялық моделін ұсынып, жастардың оқуға деген ынтасын арттыруда шешуші рөл атқаруда. Мақалада цифрлық мәдениет, медиа сауаттылық және мотивациялық факторлар негізінде ғылыми сараптама жүргізіліп, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, аталған феноменнің жасөспірімдерге әсері айқындалады. Зерттеу барысында құбылыстың оң және теріс қырлары салыстырылып, оның білім беру саласына ықпалы бағаланды. Нәтижесінде, BookTok жастарды кітап оқуға тартудың тиімді құралы бола тұра, сонымен бірге мәтінді үстірт қабылдау және қысқа мерзімді контентке тәуелділік сияқты проблемаларды туындататыны дәлелденді.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің барлық саласын, соның ішінде мәдени-танымдық процестерді түбегейлі өзгертуде. Дәстүрлі кітап оқу әдеті цифрлық контентпен бірігіп, жаңа форматқа ауысуда. Бұл үдерістің ең

жарқын көрінісі – TikTok желісінде қалыптасқан «BookTok» қауымдастығы. Бұл зерттеудің өзегі – цифрлық ортаның кітап оқу тәжірибесіне әсерін талдау және әлеуметтік желілердің, атап айтқанда BookTok феноменынің жас буынның оқу мотивациясы мен дағдыларына тигізетін екіжақты ықпалын анықтау болып табылады.

Кітап оқу тек ақпарат алу құралы ғана емес, қоғамдық-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Маршалл Маклюэннің «медиа – хабарлама» тұжырымдамасы бойынша, ақпаратты жеткізу тәсілі оның мазмұнынан кем емес маңызға ие. Цифрлық платформалар дәл осы форманы өзгертіп, оқу процесінің табиғатына әсер етуде. Генри Дженкинстің «конвергенттік мәдениет» теориясына сәйкес, әртүрлі медиа түрлерінің тоғысуы жаңа тәжірибе туындатады]. BookTok осы теорияның тірі дәлелі болып табылады, мұнда классикалық әдебиет пен заманауи видео-контент органикалық түрде ұштасады.

Алайда, Николас Каррдың пікірінше, интернет кеңістігі адамның когнитивті қабілеттеріне әсер етіп, терең ойлаудың орнына фрагментарлы (үзік-үзік) қабылдауды қалыптастырады. Бұл тенденция қысқа видеоларға негізделген BookTok ортасында да байқалады. Сонымен қатар, Райан мен Десидің өзін-өзі анықтау теориясы бойынша, сыртқы стимулдар ішкі мотивацияны арттыруы мүмкін. BookTok дәл осы механизм арқылы жастарды кітап әлеміне тартуда тиімді құралға айналған [1, 686].

BookTok құбылысы кітап нарығында революциялық өзгерістер әкелді. Платформада танымал болған шығармалардың сатылымы күрт өсіп, бестселлерлер тізімінен орын алуда. Бұл феноменнің басты артықшылығы – визуалды және эмоциялық әсер күші. Қысқа видеороликтер арқылы кітап кейіпкерлерінің сезімдері, сюжеттік бұрылыстар драмалық түрде беріліп, бұрын әдебиетке бейжай қараған жастардың қызығушылығын оятады.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, бұл платформа «жеке оқудан» «ұжымдық оқуға» (social reading) көшуді білдіреді. Оқырмандар енді изоляцияда емес, керісінше, пікір алмасу, талқылау және ұсыныс жасау арқылы қауымдасып әрекет етеді. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай әлеуметтік өзара әрекет мәтінді тереңірек түсінуге септігін тигізеді [6].

Сонымен қатар, жасөспірімдер үшін бұл орта «оқырмандық идентичностьті» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Белгілі бір кітаптарды оқу арқылы олар өздерін белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі ретінде сезінеді, бұл психологиядағы «топтық сәйкестік» теориясымен түсіндіріледі]. Эмоционалды контенттің басымдығы оқырман таңдауына рационалды факторлардан гөрі сезімдік факторлардың әсер етуіне жол ашады.

Дегенмен, BookTok-тың кері әсерлерін де ескерусіз қалдыруға болмайды. Ең алдымен, контенттің қысқа мерзімділігі (15-60 секунд) күрделі әдеби шығармалардың терең

философиясын немесе идеясын толық ашуға кедергі келтіреді. Нәтижесінде, кітап тек «тренд» ретінде қабылданып, оның көркемдік құндылығы екінші планға ығысуы мүмкін.

Шерри Терклдің зерттеулеріне сүйенсек, әлеуметтік желілер адамның зейінін шашыратып, назарды ұзақ ұстау қабілетін төмендетеді]. Қысқа видеоларға бейімделген ми ұзақ мәтіндерді оқуға төзе алмай, «терең оқу» дағдысын жоғалту қаупі төнеді. Бұл Н.Карр айтқан «ойлау қабілетінің әлсіреуі» мәселесімен тікелей байланысты .

Екінші маңызды мәселе – алгоритмдік «ақпараттық көпіршік» (filter bubble). TikTok жүйесі пайдаланушының қызығушылығына қарай ұқсас контентті ғана ұсынады, нәтижесінде оқырманның көкжиегі тарылып, тек белгілі бір жанрлармен шектеліп қалуы ықтимал . Бұл классикалық әдебиет пен күрделі шығармалардың назардан тыс қалуына әкеледі. Сонымен қатар, коммерциялану үрдісі күшейіп, кітаптардың сапасы емес, маркетингтік танымалдығы басшылыққа алына бастады.

Осы қиындықтарға қарамастан, BookTok-ты білім беру процесінде тиімді пайдалануға болады. «Цифрлық педагогика» концепциясы аясында мұғалімдер бұл платформаны оқу мотивациясын арттыру құралы ретінде қолдана алады]. Мысалы, оқушыларға шығарманы талдау, кейіпкерлерге мінездеме беру немесе альтернативті соңын ойлап табу сияқты шығармашылық тапсырмаларды видео форматында орындауды ұсынуға болады. Бұл әдіс студенттердің сыни ойлауын дамытып қана қоймай, олардың цифрлық сауаттылығын да арттырады [2].

Кітап оқу мәдениетінің эволюциясын түсіну үшін алдымен медиа экологиясы теориясына жүгіну қажет. Канадалық философ Маршалл Маклюэннің «медиа – хабарлама» (the medium is the message) тұжырымдамасы қазіргі цифрлық дәуірде бұрынғыдан да өзекті болып отыр]. Маклюэннің айтуынша, ақпараттың мазмұнынан гөрі, оны жеткізуші құралдың өзі адам санасына тереңірек әсер етеді. Дәстүрлі қағаз кітап сызықтық ойлауды, логикалық тізбектілікті және ұзақ мерзімді назарды талап етсе, цифрлық платформалар, әсіресе TikTok сияқты желілер, фрагментарлы ойлауды, визуалды қабылдауды және жылдам реакцияны қалыптастырады. Бұл ауысу оқырманның мәтінмен қарым-қатынас стратегиясын толығымен өзгертуде.

Генри Дженкинстің «конвергенттік мәдениет» теориясы бойынша, заманауи медиа кеңістігінде әртүрлі платформааралық ағындар бірігіп, жаңа мәдени тәжірибені туындатады. BookTok осы конвергенцияның ең жарқын үлгісі болып табылады. Мұнда әдебиет (дәстүрлі мәдениет) және қысқа метрлі видео (цифрлық мәдениет) бірігіп, бұрын соңды болмаған гибриді форматты қалыптастырды. Бұл жерде кітап тек оқылатын объект емес, талқыланатын, визуалдандырылатын және эмоциялық реактивтілік тудыратын контентке айналады. Алайда, бұл процестің когнитивті салдары да бар. Николас Карр өзінің «Үстірттік: Интернет біздің миымызды қалай өзгертуде?» атты еңбегінде интернет пен цифрлық құрылғылардың адамның нейропластикалығына

әсер етіп, терең оқу (deep reading) қабілетін әлсірететінін дәлелдейді]. Терең оқу – бұл күрделі идеяларды түсіну, сыни талдау жасау және эмпатияны дамыту үшін қажетті ми процесі. Қысқа видеоларға негізделген ақпараттық ағын миға үнемі жаңа стимулдар беріп отырады, нәтижесінде адам ұзақ мәтіндерге шоғырлана алмай, ақпаратты үстірт қабылдауға дағдыланады. BookTok контекстінде бұл мәселе өте өзекті, себебі платформа кітаптың толық мазмұнын емес, оның эмоционалды моменттерін ғана ұсынады.

Мотивация теориясы тұрғысынан қарастырсақ, Райан мен Десидің өзін-өзі анықтау теориясы (Self-Determination Theory) адамның ішкі мотивациясы үш негізгі қажеттілікке: автономияға, құзыреттілікке және байланысқа негізделетінін көрсетеді]. BookTok дәл осы үш компонентті тиімді пайдаланады. Платформа оқырманға таңдау еркіндігін (автономия) береді, кітап туралы пікір білдіру арқылы өзін білікті сезінуге (құзыреттілік) мүмкіндік жасайды және миллиондаған қолданушылармен ортақ қызығушылық арқылы байланыс орнатады. Осылайша, цифрлық орта жастардың кітап оқуға деген ішкі ынтасын сыртқы стимулдар арқылы белсендіреді.

BookTok – бұл TikTok желісіндегі кітап сүйер қауымдастықтың атауы ғана емес, ол жаһандық мәдени қозғалысқа айналды. Бұл платформада қолданушылар кітаптарға шолу жасайды, үзінділер оқиды, кейіпкерлерге арнап фан-арт жасайды немесе оқу процесіндегі эмоцияларын (жылау, күлу, таңдану) бейнеге түсіреді. Бұл құбылыс оқуды жеке, интровертті әрекеттен ұжымдық, экстравертті тәжірибеге айналдырды. Зерттеушілер мұны «әлеуметтік оқу» (social reading) деп атайды. Бұрын оқырмандар өз әсерлерін тек жақын достарымен немесе шағын клубтарда бөліссе, қазір олар бүкіл әлемге арналған аудиториямен тікелей байланыса алады.

Әлеуметтік оқудың маңыздылығы – ол мәтінді түсінуді тереңдетеді. Пікірталастар, балама көзқарастар және қауымдастық тарапынан келетін кері байланыс оқырманға шығарманы жаңа қырынан қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, BookTok жастар арасында «оқырмандық идентичностьті» қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Жасөспірімдер үшін өзін-өзі тану кезеңінде белгілі бір кітаптарды оқу және олар туралы контент жасау – өздерінің кім екенін, қандай құндылықтарды ұстанатынын көрсетудің құралына айналады. Бұл әлеуметтік психологиядағы «топтық сәйкестік» (social identity) теориясымен сәйкес келеді: адамдар өздерін белгілі бір топтың мүшесі ретінде сезіну арқылы әлеуметтік қауымдастық табады [7].

BookTok-тың тағы бір ерекшелігі – эмоциялық маркетингтің басымдығы. Платформадағы танымал видеолар көбіне рационалды талдауға емес, таза эмоцияға негізделеді. «Бұл кітап мені жылатты», «Оқығаннан кейін ұйықтай алмадым» деген сияқты эмоционалды триггерлер басқа қолданушыларда қызығушылық тудырады. Психологтардың айтуынша, эмоциялық контент адамның шешім қабылдау процесіне логикадан гөрі тезірек әсер етеді. Нәтижесінде, кітап таңдауда сапа немесе стильдік

ерекшеліктерден гөрі, оның тудыратын эмоционалды резонансы маңыздырақ фактор болып қалады. Бұл нарықтағы сатылым динамикасына тікелей әсер етіп, кейбір кітаптарды түнде сатылып кететін бестселлерлерге айналдырды.

Дегенмен, BookTok феноменінің екінші жағы да бар және ол алаңдаушылық тудырмай қоймайды. Ең алдымен, контенттің қысқа форматы (15 секундтан 3 минутқа дейін) күрделі әдеби шығармалардың тереңдігін жеткізуге кедергі келтіреді. Кітаптың негізгі идеясы, философиялық астартары немесе стилістік ерекшеліктері қысқа видеоға сыймайды. Оқырман кітаптың сюжеттік бұрылысы немесе романтикалық сәті ғана туралы біліп, шығарманың толық мәнінен құр қалуы мүмкін. Бұл Н.Карр айтқан «терең ойлаудың әлсіреуі» мәселесін ушықтырады. Жастар ұзақ мәтіндерді оқуға төзімсіз болып, тек оқиға желісіне ғана назар аударатын «сканирлеу» әдетін қалыптастыруы ықтимал.

Екінші маңызды мәселе – алгоритмдік «ақпараттық көпіршік» (filter bubble). TikTok-тың ұсыныс жүйесі қолданушының бұрынғы әрекеттеріне (лайк, комментарий, қарау уақыты) сүйене отырып, ұқсас контентті ғана көрсетеді. Нәтижесінде, оқырман тек белгілі бір жанрдағы (мысалы, фэнтези немесе романтика) немесе белгілі бір трендтегі кітаптармен шектеліп қалады. Классикалық әдебиет, күрделі проза немесе аз танымал авторлардың шығармалары алгоритмнің сүзгісінен өте алмай, назардан тыс қалуы мүмкін. Бұл оқырманның әдеби көкжиегін тарылтып, мәдени тұйықталуға әкеледі [4, 676].

Үшіншіден, коммерциялану үрдісі күшейіп барады. Баспаханалар мен маркетингтік BookTok-ты тиімді жарнамалау құралы ретінде пайдалана бастады. Кейде кітаптардың сапасы емес, олардың «видеоға түсуға ыңғайлылығы» (инстаграмдылық эстетика, драмалық сюжет) басшылыққа алынады. Бұл әдебиеттің мәдени және тәрбиелік функциясын әлсіретіп, оны тек ойын-сауық индустриясының бір бөлігіне айналдыру қаупін төндіреді. Шерри Терклдің айтуынша, цифрлық технологиялар адамдарды бір-бірімен байланыстырғанымен, шынайы терең қарым-қатынастан алшақтатуы мүмкін. Сол сияқты, BookTok кітап оқуды насихаттағанымен, оқырманды шығарманың рухани тереңдігінен алшақтатып, тек сыртқы эффектілерге бағыттауы ықтимал.

Сонымен қатар, зейіннің шашыраңқылығы мәселесі де өзекті. Қысқа видеоларға үйренген ми дофаминдік циклге тәуелді болып, ұзақ уақыт бойы бір нәрсеге шоғырлануда қиындықтарға тап болады. Бұл студенттердің академиялық үлгеріміне, әсіресе ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Осы қиындықтарға қарамастан, BookTok-ты білім беру процесіне тиімді интеграциялаудың жолдары бар. Қазіргі педагогикада «цифрлық педагогика» ұғымы кеңінен қолданылып, заманауи технологияларды оқыту әдістемесіне енгізудің маңыздылығы атап өтіледі. Мұғалімдер мен оқытушылар BookTok-ты оқу мотивациясын арттырудың қуатты құралы ретінде қарастыра алады.

Мысалы, дәстүрлі реферат жазу тапсырмасының орнына оқушыларға сүйікті кітабы бойынша креативті видео жасауды ұсынуға болады. Бұл тапсырма оқушыдан мәтінді терең түсінуді, негізгі идеяны бөліп алуды, сыни тұрғыдан талдауды және ақпаратты қысқа әрі нұсқа жеткізу дағдысын талап етеді. Сондай-ақ, кейіпкерлерге мінездеме беру, альтернативті сюжет құру немесе автордың стилін пародиялау сияқты тапсырмалар оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашады. Бұл әдіс оқу процесін қызықты әрі өзекті етіп, жастардың қызығушылығын арттырады [3].

Болашақта кітап оқу мәдениеті цифрлық және дәстүрлі форматтардың симбиозы негізінде дамиды деген сөзсіз. BookTok сияқты платформалар уақытша тренд емес, оқу мәдениетінің жаңа тұрақты элементіне айналуы мүмкін. Алайда, бұл процестің салауатты дамуы үшін бірқатар шаралар қажет.

Біріншіден, білім беру жүйесі жастарға «гибридті оқу» дағдыларын қалыптастыруы тиіс. Яғни, олар қысқа цифрлық контентті де, ұзақ классикалық мәтіндерді де тең дәрежеде қабылдай алуы керек. Екіншіден, баспа индустриясы мен авторлар сапалы әдебиетті насихаттауда цифрлық платформалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, коммерциялану қаупін азайту жолдарын іздеуі қажет. Үшіншіден, зерттеушілер мен психологтар цифрлық ортаның жас миына ұзақ мерзімді әсерін үнемі мониторингтеп отыруы тиіс [9, 456].

Қорыта айтқанда, BookTok феномені – цифрлық дәуірдегі кітап оқу мәдениетінің күрделі әрі көпқырлы көрінісі. Ол бір жағынан, жастар арасында оқуға деген қызығушылықты оятып, әдебиетті әлеуметтендірудің жаңа моделін ұсынды. Екінші жағынан, үстірт оқу, зейіннің шашыраңқылығы және алгоритмдік шектеулер сияқты елеулі тәуекелдерді тудырды. Бұл құбылысты толықтай жоққа шығару немесе шексіз мадақтаудың орнына, оның мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, қауіптерін минимизациялау стратегиясын әзірлеу қажет. Цифрлық технологиялар мен дәстүрлі оқу арасындағы тепе-теңдікті сақтау – болашақ ұрпақтың интеллектуалдық және рухани дамуының кепілі болып қала бермек. Заманауи қоғамның міндеті – технологияны адам игілігіне жарату, ал кітап оқу мәдениетін жаңа форматтар арқылы байытып, оның түпкі мәнін сақтап қалу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ryan, R.M. and Deci, E.L. (2000) 'Self-Determination Theory and the Facilitation of Intrinsic Motivation, Social Development, and Well-Being', *American Psychologist*, 55(1), pp. 68–78.
2. Turkle, S. (2011) *Alone Together: Why We Expect More from Technology and Less from Each Other*. New York: Basic Books.
3. Қалиев, С. (2018) *Оқу мәдениеті және тұлға дамуы*. Алматы: Қазақ университеті.

4. Қалиев, С. (2019) Оқу мәдениетінің психологиясы. Алматы: Білім баспасы.
5. Әбдіманұлы, Ө. (2020) Қазіргі жастар мәдениеті. Нұр-Сұлтан: Еуразия баспасы.
6. Әбдіғаппарова, Г. (2021) Жастар және әлеуметтік орта. Алматы: Қазақ университеті.
7. Иванов, П. (2020) Основы цифровой педагогики. Москва: Просвещение.
8. Петрова, А. (2021) Чтение в цифровую эпоху: трансформация читательских практик. Санкт-Петербург: Питер.
9. Смирнов, И. (2022) 'Влияние социальных сетей на читательскую активность молодежи', Вестник образования, 4(2), сс. 45-52.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.